



Бітімгерлік –
береке бастауы

2



Сейілбек Шаухаманов –
жазушы, публицист

3



Табиғатынан
тәлімгер еді

5



Мен ауылдың
ұлымын

6



Сыр бойы



№193
(19871)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

24 желтоқсан / СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Білікті мамандар барлық салаға керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне барды. Оқу орнының білім беру және ғылым-зерттеу жұмыстарымен танысты, сондай-ақ, оқытушылармен, студенттермен әңгімелесті.

Университет ректоры Ақылбек Күршімбаев Президентке молекулярлық биология мен гендік инженерияның заманауи әдістерін пайдалана отырып шығарылған ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын көрсетті. 5 жыл ішінде жоғары оқу орнының ғалымдары бидай мен арпаның құрғақшылыққа төзімді жаңа сорттарын шығарды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биорганикалық тыңайтқыштар өндіру үдерісіндегі жаңа технологияның



қолданылуы, ветеринария жүйесінің цифрландырылуы, жануарларды есепке алу үдерісі жайында мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы жерді пайдалану процесін бақылауға мүмкіндік беретін ғарыштан мониторинг жасаудың және жерді қашықтықтан зондаудың заманауи әдістерімен танысты. Аталған әдістер Ақтөбе және Ақмола облыстарында қолданылууда. Президент мұндай тәжірибені өзге өңірлерде де пайдалану қажет деп санайды.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевқа университеттің әлемдегі жетекші ғылым және білім беру орталықтарымен байланыстары туралы баяндалды. Ақылбек Күршімбаевтың айтуынша, Францияның AgroParisTech университетімен бірлесіп әзірленген, қос дипломдық білім беру жүйесіне көшуге мүмкіндік беретін жол картасының іске асырылуы – Қазақ

агротехникалық университетінің халықаралық ынтымақтастығындағы негізгі бағыттардың бірі.

Студенттермен әңгімелесу барысында Қазақстан Президенті озық технологияларды қолданудың өзектілігін атап өтті.

– Сіздер өте маңызды жұмыспен айналысып жатырсыздар. Робот техникасы, цифрландыру және жасанды интеллект – қазіргі заман талабы, әсіресе, дамыған елдерде. Сондықтан бізге артта қалып қоюға мүлдем болмайды. Жақсы оқысаңыздар, сіздер де міндетті түрде келешекте өз орындарыңызды табасыздар. Өйткені бізге жеке секторда да, мемлекеттік секторда да білікті мамандар қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Студенттер Президентке қолдау көрсеткені және 2020 жылдың қаңтарынан бастап шәкіртақы көлемін 25 пайызға арттыру жөніндегі тапсырмасы үшін алғыс айтты.

ДЕНСАУЛЫҚ

«Q-MED» ауқымын кеңейтті



Суретті түсірген БЕСЖАНОВ.

Әлеуметтік саланың ішіндегі ең маңыздысы – медицина өрлеу-өркендеу үстінде. Облыс қазынасынан бұл салаға бөлінетін қаржы айтарлықтай өсті. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке де ерекше көңіл бөлінуде. Осындай тиімді әріптестіктің аясында қалада «Q-med» емдеу мекемесінің жаңа орталығы ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков қатысты. Орталықтың ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы қажетті кенес пен дертне шипа іздеген азаматтарға қызмет ұсынып отырған емдеу мекемесіне сәттілік тіледі.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

– Басты байлық – денсаулық. Ұлт пен ұрпақ саулығын алдыңғы орынға қойған мемлекетімізде медицина саласына қолдау жасалған. Облыс бюджетінің де басым бөлігі денсаулық сақтау саласына жұмсалды. Бүгінде халыққа сапалы қызметін де басым бөлігі денсаулық сақтау саласына жұмсалды. Бүгінде халыққа сапалы қызметін де басым бөлігі денсаулық сақтау саласына жұмсалды. Бүгінде халыққа сапалы қызметін де басым бөлігі денсаулық сақтау саласына жұмсалды.

Емдеу мекемесінде ересектер мен балаларға бірегей емдеу-сауықтыру бағдарламалары қолданылады. Орталық ем алушылардың иммунитетін табиғи қалпына келтіруге негізделген бағдарлама арқылы жұмыс істейді. Соңғы төрт жылдың ішінде орталықта 4600 адам кенес алып, 3600 науқас кешенді емдеуден өткен. Байқағанымыздай, жаңа ғимараттағы интерьер жайлы, барлық жағдай жасалған. Мамандар әрбір келушінің осы жерден дертіне дауа табуына сенімді.

– Қаладағы «Өркеніет» медицина колледжін тәмамдағаннан кейін «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы осында жұмысқа орналастым. Мұнда одан әрі шыңдалып, жаңа орталықтың жемісті жұмыс жүргізуіне үлесімді қосамын, – деді жас маман Салтанат Амандық.

Расында, МЖӨ мемлекет пен бизнестің өзара ынтымақтастығын арттырып, қажетті инфрақұрылымды жаңғыртуға мүмкіндік сыйлап отыр. Бұл жерде жастарды жұмыспен қамту мәселесінің де шет қалмағаны қуантады.

«Дипломмен – ауылға!»: Алғашқы онжылдықтың нәтижесі

Қалалардың өсіп, ауылдың іріленуі – өркеніетті қоғамның жетістігі. Алайда, ауылдан біржола тамыр үзіп қалмау – өзекті мәселе. Алыптардың көбі осы ауылда дүниеге келгені ескерсек, болашақта бұл үрдістің жібі үзілмес үшін мұнда ұлттық мәдениеттің ошағы, заманауи білімнің бастауы сақталуы тиіс. Осыны ескерген Ауыл шаруашылығы министрлігі 2009 жылы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын іске қосты. Оңтайлы бағдарламаға биыл – 10 жыл. «Бағдарлама біздің өңірде қаншалықты қолжетімді? Нәтижесі қандай?» деген сауалдарға жауап іздеген едік.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

Облыста «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын жастар толық қолдайды. Дегенмен, бір жылдары «Жастар ауыл десе, ат-тонын ала қашады, маман тапшылығы мәселесі әлі де бір жолға қойылмады» деген пікірлер айтылған. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары мұны атаған жобаның енді ғана жүзеге аса бастаған уақытында ауылда жұмыс істеуге ниетті жастардың қатары сирек болғанымен байланыстырды. Тек уақыт өте келе бағдарлама тиімділігін түсініп, оның жемісін көрген

мамандар көрсеткіші көбейген. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласының мамандары бар. Жастарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларын да тілге тиек ете кетейік. 2009-2018 жылдар аралығында облыс бойынша 4406 маманға 1,3 млрд теңге біржолғы көтерме жәрдемақы төленіп, 3511 маманға 9,1 млрд теңге тұрғын үй сатып алуға несие берілген. Ал, биыл 323 маманға осындай жәрдемақы төлеуге 61,6 млн теңге, тұрғын үй несиесіне



1,9 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ, осы жылы жобаны жүзеге асыру аясында берілетін бюджеттік несие көлемі бойынша біздің облыс республикада алдыңғы қатардан көрінді. Бағдарлама игілігін көрген кадрлардың басым бөлігі Жаңақорған ауданына тиесілі. Жас мамандардың да ойын

ортаға салсақ, Айгүл Құлшаева – бағдарлама қатысушысы. Ол Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім алған. Жоғары оқу орнын тәмамлағаннан кейін арман қала Астанаға бет алуы да ойлапты. Бірақ, тұрған топырақтан жырақтай ал-

маған. Бала кезінен ұстаз болуды армандаған Айгүл қазір қаладағы «Наурыз» шағын ауданында орналасқан №268 мектеп-лицейде мұғалім қызметін атқарады. Айтуынша, бағдарлама жастар үшін ерекше маңызға ие.

2-бет.

САРАП

Көкөніс бізге қайдан келеді?

Қыс түскелі базарда жергілікті көкөністердің қатары сиреп, сырттан келген өнімдер көбеюде. Жүзім, маңдарин, құрма, банан, киви, апельсиндердің түр-түрін табуға болады. Бірақ бұлардың дені бізде өспейді. Осы ретте «көкөністер мен жемістер қаламызға қайдан келеді, аймақтың өз өндірісі есебінен көкөністермен қамтамасыз ету деңгейі қалай?» деген сауал туындайтыны анық. Мұны білу үшін базарды бақылап, бағаны бағамдап көрдік.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Өңірдегі көкөністердің көбі ескі базар мен манайындағы сауда үйлерінде сатылады. Байқағанымыздай, көкөніс өнімдерінің басым бөлігі облысқа негізінен оңтүстік өңірлерден Сарыағаш, Түркістан, Түлкібас, Тараздан жеткізіледі. Ал, Павлодар, Қостанай облыстарынан қажеттілігіне қарай күзгі өнімнен картоп, сәбіз тасы-

малданады екен. Сондай-ақ, Ресей, Қырғызстан, Пәкістан елдерінен цитрусты жемістер әкелінетін көрінеді. Мамандардың айтуынша, облыс нарығының басым бөлігін, яғни, 60 проценттейін «Мирас» сауда үйі өзге өңірлерден тасымалдап, қамтамасыз етеді. Осы жылдың қаңтар-қазан айларында азық-түлік тауарларының 3 түрі бойынша (ақталған күріш, сүт, ас тұзы) облыс халқының қажеттілігі толықтай өтесе, қалған өнім түрлерінің жеткіліксіз мөлшерде өндірілуі себебінен басқа облыстардан тасымалданыпты.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы аймақта көкөніс өнімдері, оның ішінде картоп – 61244 тонна, тұтыну нормасымен есептегенде 77,2%-ке қамтамасыз етілген, бас пияз – 6105,3 тонна өндіріліп 48,1%-ке, сәбіз – 11638,6 тонна, 63,7%-ке, қырыққабат 4543,9 тонна өндіріліп, 23,8%-ке қамтамасыз етілген. Жалпы жергілікті шаруа-

лардың халықты көкөніспен, жеміспен толық қамтамасыз ете алмағандықтан нарықты Қытай мен Өзбекстан өнімдері жаулаған. Аймақта жылыжай салынып жатқанымен, оның дамытылып тұстары көп көрінеді. Сондықтан облыс тұрғындарын маусымаралық кезеңде жергілікті сапалы жылқымай өнімдерімен тұрақты қамтамасыз ету басты мәселе болып отыр.

– Соңғы жылдары осы бағытта тиісті жұмыстар атқарылууда. Дегенмен, аймақтың табиғи-климаттық жағдайы жыл бойы ашық топырақта үздіксіз ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіріп, тұрақты өнім алуға мүмкіндік бермейді. Бізде өсірілетін дақылдардың вегетациялық мерзімі көктем айларынан бастап, күз айларына дейінгі маусымды қамтиды. Қиыр мен қызанақ дақылдары негізінен ашық топырақта өсіріліп, өнімнің басым бөлігі жаз-күз айларында жиналып, тұтынылады.

2-бет.



Партия белсенділері марапатталды

«Nur Otan» партиясының 20 жылдығына орай партияның облыстық филиалында салтанатты шара ұйымдастырылды. Жиында облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін партия белсенділері марапатталды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Биыл Тәуелсіздіктің 28 жылдығымен қатар «Nur Otan» партиясының құрылғанына 20 жыл толды. Шарада аймақ басшысы тәуелсіздік алған жылдардан бастап Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығымен еліміз айтулы жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтті.

Баршанызды кеше ғана аталып өткен еліміздің ұлық мерекесі – Тәуелсіздігіміздің 28 жылдығымен

және жетекші партияның 20 жылдық мерекесімен құттықтаймын! Осы жылдар ішінде «Nur Otan» партиясы да тәуелсіз Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуын қамтамасыз ету жөніндегі үлкен саяси ұйымға, авангардтық биік деңгейге көтерілді. Әрбір партия мүшесі, партиямыздың негізгі қалаңған сәттен бастап, осы 20 жыл ішінде елмен біте қайнасып, халықтың мүддесін қорғауда, елдің

әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында тың бастамалар көтеріп, жауапты шешімдер қабылдауға ұйытқы болып келеді, – деді облыс әкімі.

Мереке қарсаңында партияның белсенді мүшелері ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Алғыс хатымен», «Nur Otan» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі және «Күрмет» грамотасымен, «Алғыс хаттармен» марапатталды. Олардың қатарында «Қазпочта» АҚ облыстық филиалының директоры, облыстық партиялық бақылау жөніндегі комиссияның жетекшісі Аида Әбибуллаева, қалалық мәслихат хатшысы Роза Боханова, Сырдария аудандық мәслихат депутаты, «Мағжан и К» ЖШС төрағасы Дархан Ералиев және бірқатар сала өкілдері бар.



ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

Жаңғыру жолы

Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы «Жастар жаңғыру жолында» атты қорытынды шара ұйымдастырды. Ассамблея төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Ильдар Гафуров жыл бойы атқарылған жұмысқа тоқталды.

Жастар жылы аясында жыл басынан бері өңірде 75 шара өтіп, 10 мыңнан астам адам қамтылды. Атап айтқанда, Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» жазғы тыңғу лагерінде қозғалыс белсенділерінің слеті болды. Қатысушылар семинар-тренингтер мен шеберлік сабақтарында дәріс алып, өзара ұлттық спорт түрлерінен сыңа түсті. Ассамблеяның бастамасымен «Қайырымдылық керуені» жобасы аясында күзгі тал өгу экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Акция «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық концертіне ұласты. Әлеуметтік жобалар байқауы жастар жылының қорытындысы іспетті. Үміткерлер аса маңызды әлеуметтік жобаларға ерекше басымдық берді.

«2020 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы аталып өтеді. Осы орайда облыстық ассамблея жастары ерекше белсенділікпен үлес қосады», – деді И.Гафуров.

Еңбек мерекесі

Шиелінің Ақмаа елді мекенінде аудан әкімінің орынбасары Тұрмат Жағыпбаров еңбек мейрамындағы марапаттады.

«Ақмаа» шаруа қожалығының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Дәулет Жұмбақов атқарылған жұмыс барысымен таныстырды.

Биыл дикандар 1414 гектар жерге күріш егіп, одан 50 центнерден жоғары өнім жинады. Ал 330 гектар жерге бидай егіліп, 20 центнерден өнім алынды, 805 гектар жерге жоңышқа егіліп, одан 22 мың орам шөп әзірленді. Жыл басында қожалықта «Ақмаа Smart Farm» цифрлық платформасы іске қосылды. Жоба аясында 800 гектар егіс алқабына цифрландыру жүргізіліп, алынған дерек өңделді.

Салтанатты шарада жаз бойы тер төккен еңбеккерлер марапат биігінен көрінді. Жүргізуші-механизаторлар мен зноб жетекшілеріне, сушыларға қаржылай сыйақы беріліп, сертификат табысталды.

Қызыл жалыннан құтқарды

Өткен жұмада түнгі 23:30 сағат шамасында қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне Бөкейхан көшесіндегі қонқабатты тұрғын үйдің 5-қабатындағы патерлердің бірінен өрт шығып жатқаны туралы хабарлама түсті.

Полиция қызметкерлері жедел қызметтерге хабарласып, дереу оқиға орнына жетті. Қою түгін арасынан полицейлер тұрғындарды құтқарды. Жан-жағын жалын шарпыған үйден олар 28 адамды, оның ішінде кәмелетке толмаған 7 баланы аман-есен сыртқа алып шықты.

Айта кету керек, өрт шыққан қонқабатты тұрғын үйден полицейлер құтқарушылармен бірге 73 адамды эвакуациялады, арасында 20 бала бар. Біраз уақыттан кейін өртті сөндіріп, полицейлер мен құтқарушылардың үйлесімді әрекеттерінің арқасында балалар мен ересектер қауіпсіз жерге шығарылды. Өрт шыққан үйден 15 таз баллон алынды. Қазіргі таңда мамандар өрттің шығу себебін анықтауда.

Жаңа дәрігерлік амбулатория

Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылында дәрігерлік амбулатория салу қолға алынбақ. Бұл туралы қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте Ақжарма ауылдық округінің әкімі Ж.Әлшев мәлімдеді.

– Ауылда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері аясында дәрігерлік амбулатория салу үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасы тәндер өткізуде. Жетімпаз мердігер мекеме анықталған жағдайда келісім-шарт негізінде тиісті жұмыстар бастау алатын болады, – деді ол.

Бұдан бөлек, ауыл әкімі тұрғындардың бірлігі негізінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 150 орындық Мәдениет үйі салынауда. Желтоқсан айының аяғына құрылыс жұмыстары толық аяқталып, қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Дайындаған Шынар БЕҚБАН. «Сыр бойы».

Бітімгерлік – береке бастауы

Кеше облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен дәстүрлі II облыстық медиаторлар слеті өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық сот, прокуратура, құқық қорғау органдары және кәсіподақ өкілдері, аудан әкімдерінің орынбасарлары мен облыстық басқарма басшылары, кәсіби және қоғамдық медиаторлар қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Шара өңірде медиация институтының даму барысы туралы сөз сөйлеумен бастау алды. Мұнан соң медиация институтының сот төрелігін жүргізудегі рөлі жайында Қызылорда қалалық сотының судья-медиаторы Жазираш Қалмаканова баяндады. Медиация институтының даму барысы туралы Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Руслан Қаюпов, бітімгерлік аясындағы атқарылған жұмыстарға Қармақшы ауданының қоғамдық медиаторы, аудандық медиация кеңесінің төрағасы Жақсыбай Жәкеев тоқталды.

– Қармақшы ауданында 10 кәсіби емес, қоғамдық медиатор және 1 кәсіби медиатор жұмыс істейміз. Олардың барлығы білімді, ел алдында жүрген саяси сауатты азаматтар. Аудан бойынша 46 азаматтық, 15 қылмыстық және 36 әкімшілік ел медиация тәсілімен қысқартылды. Жалпы 101 ел негізінде медиаторлар бітімге қол жеткізді, – деді ол. Ал мектептегі медиация

цианы дамыту жайын тілге тиек еткен Белкөл кентіндегі №189 орта мектептің педагог-психологы Ботақөз Мадирова даулаасқан жандарды бітімге келтіру жүгі ауыр болғанымен, жасөспірімдерді бітімге шақырудың өзіндік ерекшеліктерін жеткізді.

– Психологиялық тұрғыда жасөспірімдердің қоршаған ортаның әрекеттерін қабылдауы өзгешеленіп тұрады. Жасы үлкен кісілерді бітімге шақыру бір бөлек болса, өтпелі кезеңде және түрлі әлеуметтік сатыдағы қарама-қайшылықтарды көріп жүрген жасөспірімді татуластыру ювелирлік дәлдікті талап етеді. Себебі, бір дұрыс айтылмаған сөз оның психикасына кері әсерін тигізіп, болашағына нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Сондықтан оқушылар арасындағы түйткілді мәселені шешуде жан-жақты болған жөн, – деді ол.

Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов өңірдегі бітімгерлік бағытында ат-

қарылған толымды жұмыстарды сөз етті. Оның айтуынша, биыл облыстық ҚХА хатшылығына медиация бағытындағы жұмыстарды жандандыру мақсатына 1 млн 600 мың теңге қаржы бөлінген. Соған сәйкес, облыс бойынша медиаторлардың көмегімен 2453 дау шешімін тауып, тараптар ымыраға келген. Қоғамдық медиаторлар барлығы 785 дауды шешсе, оның ішінде 238-і сотқа дейін, 254-і бойынша сотта медиациялық келісім орнанып. Ал, 293 дау қоғамдық медиаторлардың кеңес беруі нәтижесінде тоқталыпты.

Жалпы бітімгерлік – адамдар арасындағы сыйластықты, татулық пен берекені, елдің тұтастығын сақтаудағы ең ұтымды тәсіл десек, медиатор – екі тараптың арасындағы алтын көпір іспетті. Мұндай жандардың қоғамдағы маңызы зор, еңбегі орасан. Шара соны осы саланың дамуына сүбелі үлес қосқан медиаторлар мен сала мамандарының марапатына ұласты.

Қабылдау өткізді

Кеше облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға 34 адам келді. Азаматтардың көтерген негізгі мәселелері тұрғын үй, әлеуметтік көмек, денсаулық сақтау және жұмыспен қамту салаларына қатысты болды.

Сонымен қатар, облыс әкімінің жеке қабылдауында көпбалалы аналардың да мәселелері қаралып, аймақ басшысы қала әкімі мен сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Айта кету керек, келген азаматтардың өтініштері тек заң аясында шешілетін болады.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Түсіністік пен сенім арқауы

Заманауи қоғамдық кеңістікте адамдар арасында диалогтық байланыс, өзара түсінушілік пен сенім орнауы тиіс. Қоғамдық диалог – мемлекет пен қоғам арасында маңызды әлеуметтік қажеттілік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында экономикалық заңдылық, халықты әлеуметтік қамсыздандырудың бірқатар, яғни кәсіпкерлікті қолдау, білім сапасын жетілдіру, көпбалалы отбасылардың жағдайын жақсарту, бағаны тұрақтандыру, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жетілдіру мәселелері көтерілді.

Бұл Жолдаудың басқа Жолдаулардан негізгі ерекшелігі – мемлекеттің экономикаға қозғарысының түбегейлі өзгеруі. Оның ішінде мемлекеттік сектордың бәсекелестік нарыққа көңіл бөлуі, мемлекеттік компаниялардың саңын азайту туралы берген тапсырмалары – инклюзивті экономикаға апаратын жол. Бұл қадамдар мемлекетте бәсекелестік нарығын да-

мытып қана қоймай, шағын және орта бизнестің дамуына зор үлес қосарына, болашақта ел экономикасын жаңа белестерге жеткізуге зор сенім бар. Осы орайда шағын және орта бизнеске жасалған жеңілдіктер мемлекет дамуына әсер етеді деп ойлаймын.

Келесі мәселе – қарқынды дамыған және инклюзивті экономика. Президент халыққа Жолдауында ел экономикасының диверсификациясы мәселесі жайлы айтып, шикізатқа байланған менталитеттен бас тарту қажеттігін ескертті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интелекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айнала-

тындығын да айтты. Экономиканы әртарапандыру, квазимемлекеттік сектордан түсетін кірістердің артуы, тиімді шағын және орта бизнес құру, халықаралық нарықтағы ұлттық бизнесті қолдау, дамыған агроөнеркәсіптік кешен, әділ салық салу және дұрыс қаржылық реттеу, Ұлттық қорды тиімді пайдалану, еңбекке тәуелсіз денгейін арттыру мәселелерін көтерді.

Менің ойымша, Жолдау Қазақстан қоғамының бүгінгі таңда туындап отырған негізгі сауалдарына жауап берді.

Ондағы іргелі бес бағыттан туындаған міндеттерді жүзеге асыру баршамамыздың азаматтық жауапкершілігімізді талап етеді.

Ә.ЕСҚАРАЕВ, облыс бойынша қазынашылық департамент басшысының орынбасары, Әлеп жөніндегі уәкіл.

«Дипломмен – ауылға!»: Алғашқы онжылдықтың нәтижесі

– Өзге замандастарым секілді үлкен қалаға аттанып, мақсатымды жүзеге асыруға асыққан кез болды. Алайда, жақындарымның жаңынды қалып, ойдағы армандарымды өз өлкеме іске асыруды шештім. Таңдауыма еш өкінібеймін. Ең бастысы, жастарға берілген осындай мүмкіндікті қалт жібермегеніме қуанамын. Осы бағдарлама аясында біржолғы көмек пен тұрғын үйге қол жеткіздім. Ал, ол біз секілді жас отбасы үшін пайдалы, – дейді Айгүл.

Тігіншілікті серік еткен қармақшылық жоба қатысушысы Ұлдана Нұрғазиева да «Дипломмен – 1-бет».

ауылға!» бағдарламасының аясында келіп жатқан жастарды мемлекет үлде мен бұлдеге ораған жоқ» дегенмен келіспейді. Жас мамандық пікірінше, мемлекет тарапынан әрбір жастың дамуына жағдай жасалған. Мүмкіндікті қалт жібермегенің, екі қолға бір күрек табылады.

Арал аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Арман Мұсаев та – кезінде замандастарының басым бөлігі қалаға асыққанда, ауылды түлетуге бағыт алғандардың бірі.

– Қазір бәсекелестік заманы. Сондықтан адам өзіне қажетті мамандықты игеруді ойлаған жөн. Университет бітіріп, мейрамхана

да даяшы болып жұмыс істеп жүрген жастарды көргенде, текке кеткен уақыт-ай дейсің. Одан да дипломмен ауылға тартып кетсе, жағдай басқаша болар ма еді деген ойда қаласың. Арба сүйреп жүргені де бар. Мұның барлығына мемлекетті киінілгендер табылады. Бұған мемлекеттің кінесі жоқ. Техникалық маман тапшы екенін ескеру қажет. Қарапайым тоқар, дәнекерлеуші, аспазшы дегендерден бастап, сұраныстағы мамандықты игеру керек. Мәселен, мал дәрігерін алайық. 1999 жылға дейін совхоз тарап, ветеринарлар жұмысыз қала бастады. Алайда, 2012 жылда-

ры Үкімет қаулысына өзгертулер енгізілді. Ветеринарлық станциялар жаңғырып, ауылдық округтерде пункттер ашылды. Біз осы серпілісті сезініп, шешім қабылдадық. Жемісін көріп отырмыз. Бүгінде Ақтөбе, Алматы қалаларынан тәжірибеден өтуге келген студенттер осында қалатынын айтқанда қуанамыз. Соңғы жылдары қыздар да осы мамандыққа қызығушылық білдіруде. Бәсекеге қабілетті жастардың қатары артса, мемлекет ұсынған мүмкіндікті тиімді пайдаланса жөн, – дейді Арман.

Ауыл-аймақтардағы кадр жетіспеушілігі мәселесін шешуге

бағытталған «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы жас мамандарды қанаттандырып келеді. Ұлттық экономика министрлігі тараптан ресми ақпаратқа көз жүгіртсек, бағдарлама іске қосылған 10 жыл ішінде 60 мыңнан астам жас ауылға тартылған екен. Байқағанымыздай, облыстағы қарқын да жаман емес. Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағдарламаны назардан тыс қалдырмай, биыл оны қаржыландыруды 20 млрд теңгеге жеткізуді тапсырды. Бұл жас мамандар үшін тағы бір жағымды жаңалық деп білеміз.

Көкөніс бізге қайдан келеді?

Сол себепті, ұзақ сақтауға келмейтін бұл өнімдер, маусымаралық кезеңде негізінен сырттан тасымалдануда. Өздеріңіз білесіздер, өзге елден әкелген соң кедендік алымдар мен тасымал шығындары болады. Бұл көкөністер бағасының күрт қымбаттауына әкелуде, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбарбаев.

Десе де, аймақта жылжымай шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оның үстіне мемле-

кет тарапынан көлемі 1 гектардан асатын заманауи автоматтандырылған жылжымай құрылысына кеткен шығындардың 25 процентін субсидиялау қарастырылған.

– Осыған сәйкес, облыста жылжымай өнімдеріне қажеттілікті біртіндеп шешу мақсатында облыс әкімдігі тарапынан Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдеріне қолда бар мүмкіндіктерді (табиғи газ, инфрақұрылым, мемлекеттік қолдау және т.б.) пайдалана отырып, кәсіпкерлермен бірлесіп әр ауданда (қалада) жылына 5 жылжымай

ашу жөнінде тапсырма берілген болатын. Нәтижесінде, келесі жылы Жаңақорған ауданында көлемі 0,26 гектарды құрайтын 2 жылжымай, Шиелі ауданында көлемі 2,0 гектарлық 20 жылжымай, Сырдария ауданында көлемі 0,015 гектарды құрайтын 1 жылжымай, Жалағаш ауданында көлемі 0,6715 гектар болатын 6 жылжымай, Қармақшы ауданында көлемі әрқайсысы 0,08 гектарлық 2 жылжымай, Қазалы ауданында көлемі 0,12 гектарды құрайтын 1 жылжымай, барлығы 3,1 гектарлық 32 жылжымай іске қосу жоспарлануда, – дейді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, биыл облыста «ҚазАгроМир» ЖШС жоғары технологиялы заманауи автоматтандырылған жылжымай кешенін іске қосады. Алғаш рет қолға алынған бастаманың жалпы құны – 1,1 млрд теңге. Қазіргі таңда испаниялық мамандар кешеннің құрылыс-монтаждарын бітіріп, жылу, электр жарығын жүргізуде. Оған қоса қошет егу жұмыстары да басталып кеткен. Жылжымай алдағы наурыз айында алғашқы өнімін береді. Бұл маусымаралық кезеңде Қызылорда

қаласын жергілікті көкөністермен қамтамасыз ететін болады. Демек, қолға алынған шаралардың нәтижесінде маусымаралық кезеңде облыс тұрғындарының көкөніс өнімдеріне қажеттілігі біртіндеп шешімін таппақ.

Айта кету керек, облыс тұрғындарының жылжымайда өсірілетін көкөністерге қажеттілігі 3967 тоннаны құрайды. Өткен жылы облыста жалпы аумағы 2,3 гектар болатын жылжымайларда 233 тонна қияр және 54 тонна қызанақ, барлығы 287 тонна өнім жиналған.

1-бет.

Сейілбек Шаухаманов – жазушы, публицист

Иә, биылғы жылғы көктемде туғанына 80 жыл толған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановтың өмірін өткеніне де жылдан асып баралы. Қазақта «Таулар алыстаған сайын асқақтай түседі» деген ұлағатты ұғым бар. Бұл қанатты сөздің шыңдыққа жанасымды, ойға оралымды екенін Сәкеннің бақилық болған мезгілінен бергі аралық ұзаған сайын біз де бұрынғыдан бетер байырқалап байқап келеміз.

Кезінде шаруашылық басқарған, комсомол, кеңес, партия органдарының жетекшісі болған, өмірінің соңғы жиырма жылға жуық уақытында облыстық ардагерлер кеңесіне басшылық жасаған Сейілбек Шаухаманов оны жақсы білетін, жақыннан танытын, етене аралас-құраластық қарым-қатынас құрған барша жұрт үшін шындығы еңсесі биік тау еді, тау тұлғалы айбынды азамат еді, бүтін бір елдің құрақ ұшып сыйлаған абыройлы абыз ақсакалы еді. Бұл – аксиома. Бұл – айна-қатесіз ақиқат.

Сонымен бірге, Сейілбек ағамыз өзі секілді тау тұлғалы азаматтарға тән қасиетке лайық талантты адам болатын. Біз «талант» түсінігін «табиғаттың аса көрнекті қабілеті, дарындылықтың жоғары дәрежесі» деп қабылдаймыз. Әдетте туа-бітті жоғары қабілетті тұлғада талант біржақты, жалқы болмайды, ол адам бейімділігінің сан қырын қамтитындай жан-жақты болады. Талантты адам қай жағынан да талантты және көп қырлы болып келеді. Мұны орыстар «многогранный» деп жатады, біз «сан қырлы», «көп қырлы» мағынасында қолданамыз. Сондықтан да француздың классик жазушысы Оноре де Бальзак «Талант дегеніміз – жетілген табиғи бейімділік» деп жазған екен. Ал немістің көрнекті философы Артур Шопенгауэр «Талант қадескі адамдар дұрыс көздей алмаған нысанға, ал данышпан олар көрмей тұрған нысанға оғын деп тигізеді» дейді. Біздің Сәкен өзін айтқанды екі ұлы адамның да шеңбері шегінен табыла алатын толайым тұлғатын, ол адам құрылымының алуан түрлі нүктелерінен өріліп шығатын тап осындай сан қырлы талантты егесі еді. Мұндай кісілерді адамзат баулыса қашаннан «феноменге», яғни «құбылысқа» балайды.

Біздің бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы өзін тіршілігінде осылай алуан сипатты, кең мазмұнды етіп таныта білген Сәкеннің жазушылық, публицистикалық қырына арналады. Оның феноменінің бір белгісі осы саладан танылады. Мұнда да бұл кісі өзінің өңкіті, өнімді, тиімді жұмыс істейтінін көрсетіп, қысқа жылдардың аралығында елге, халыққа үлгі-өнеге, өсиет-мирас болатындай қаншама құнды жазбалар қалдырып үлгерді. Осы жерде ойға оралып отыр, орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевский 1849 жылы өзінің «Бедные люди» деген алғашқы романын жарыққа шығарған соң он жыл бойы ештеңе жазбайды. Мұнысы үшін оны мазак, келеке етпеген сыншы қалмайды. Бірақ бұл кезге дейін Иван Тургеневтің өзінің бірер әңгімесі ғана жарияланған болса, Иван Гончаровтың, Александр Островскийдің, Лев Толстойдың, Владимир Соллогубтың есімдерін оқырман қауым әлі жазушы ретінде тани қоймаған екен. Осы он жылда бұлардың бәрі өздерінің ағатты туындыларымен көрініп, даңқтың тұғырына көтеріліп үлгерді. Ал Достоевский осыдан кейін ғана өзінің «Униженные и оскорбленные» деген екінші романын жарыққа шығарып, бұлардың бәрінен де асып түседі. Сол кезде орыстың ұлы сыншыларының бірі Николай Добролюбов бұл туындыға: «Достоевскийдің романы – осы күнге дейінгі әдебиетіміздегі ең үлкен құбылыс. Ал енді осы романға көркем сынның ескі ережесін қолданып көріңіз!» деген тұрғыда

баға беріп жібереді. Сөйтіп, оның бұл шығармасына бұрынғы сыни көзқарастың сәйкес келе алмайтын, бұған жаңаша көзқараспен келу керектігін анық байқатады.

Маған кейде біздің Сәкен де жазуға келгенде, бір кездері осы Достоевскийдің кебі кигендей болып көрініп кетеді. Олай дейтінім, сонау жас шағында, комсомол мектебінен өтіп, шаруашылық басқара бастаған тұстан, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы және аудандық атқару комитетінің төрағасы лауазымдары тізгінін ұстаған кезеңнен бұл кісі өзінің түгел сөздің түбін білген, әрбір сөзін қиуасын тауып, қисынын келтіріп сөйлей білетін от ауызды, орақ тілді ділмәр шешен екенін байқата бастаған болатын. Ал Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған 1983 жылдың жазынан бастап, ол нағыз үстінен су тоғымас тайпаған жорғадай қалыпқа жетіп қалып еді. Сол себепті ол кейін зейнет демалысына шығып, ардагерлер кеңесінің тұтқасын ұстап, мемлекеттік қызметтің иінінен босаған шағында шығармашылық жолдағы тығыны атылып кеткен жанартаудай бұрқылдап, дүйім дүниеге осы қырынан жарқырай танылып сала берді. Сөйтіп, осы сферала жүрген базірлердің қаншама ондаған жылдар бойы оябын келтіре алмаған мақалалары мен эсселерін дүркіретіп жазып шықты. Осыған қарап тұрып, кейде Сәкен бұдан да гөрі ертерек жазу жайын қолға алғанда, осы кезге дейінгіден де әлдеқайда көп белесті бағындыруы мүмкін еді ғой, деген ой келеді.

Менің тағы бір байқағаным, Сәкеннің шығармашылығы жайында да сөз болғанда, оны көптеген қаламгерлер бұл кісінің баспасөз беттерінде авторлық мақалаларымен көріне бастаған 2000 жылдың бас жағынан бастау алдырып қояды екен. Бір қарағанда, бұл солайына солай болып көрінер еді. Бірақ бір нәрсе айқын, бүгінде біз қаламгер, публицист, жазушы ретінде де сөз етіп жүрген Сейілбек Шаухаманов өнер мен шығармашылықтың пірі іспеттес Аполлон әлеміне аспаннан аяғы салырап түсе салған жоқ. Ол бұған ертеден бері бейімделіп, бет бұрып, үлкен дайындықпен келіп жетті. Меніңше, ол асау аттың арқасына мініп, басқарушылықтың жолына түскен шамадан бері өзін өзі шебер сөйлеу мен жатық жазуға ыждағатты да тыңғылықты түрде әзірлей бастаған. Мен өткенде бір естеліктен оқып қалдым, Сәкен Шиелі ауданы басқарып жүрген кезінде бір дөптерге тоқсан мыңнан астам мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін, синонимдер мен баталар түрлерін жазып қойған екен. Мұның расында солай екенін онымен жақынырақ араласқан біздің көбіміз сезінеміз. Ол кісі өмірден өткенше тап солай жақсы фразеологизмдер мен ойға қонымды мақал-мәтелдерді естіп-оқыған бойда жазып алып жүруді берік дәстүрге айналдырған еді. Осылайша өзін жан-жақты шешендік өнерге тәрбиелеп, жетілдіруге кіріскен ол жылдар өте келе шынында сүлей сөздің нағыз майталман майдангеріне айналып шыға келді.

Бұл жерде біз тағы мынаны ескеруіміз керек: публицистика деген жанр тек жазбаша бола бермейді.



Бүгін Қызылордадағы А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановтың 80 жылдығына арналған «Қарымды қайраткер. Талантты тұлға. Абыз ақсақал» тақырыбындағы ғылыми-танымдық конференция өтеді.

Сейілбек Шаухамановтың 1939 жылы 15 мамырда Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын және Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Инженер, саясаттанушы, экономика ғылымдарының кандидаты. Қағардағы инженерлен облыстың бірінші басшысы – тұңғыш әкіміне дейін өскен. Бірінші сенатор.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, 9 кітаптың авторы. 2018 жылдың 26 тамызында өмірден өтті.

Керек десеңіздер, оның ауызша түрі де бар. Бұл орайда «публицистика» деген терминнің мағынасына үнілсек, латынның «публикус» деген сөзінен шығатын оның «көпшілік», «қауым», «алқалы топ», «қамағат» деген ұғымдарды білдіретінін байқаймыз. Сонда «публицистика» дегеннің мәні «жиналған көпшіліктің, алқалы топтың, қауымның, қоғамның алдында қажетті сөз айту өнері» дегенге келіп саяды. Осыған орай публицист қаламгердің де статусы айқындала түседі. Бұл анықтаманы орыс ғалымы Владимир Даль: «Публицист – көбінесе халық құқығы туралы, қазіргі уақыттың жалпыға ортақ мәселелері туралы жазатын газет, журнал жазушысы», – деп беріп кетіпті. Демек, оның ұғымына, «публицист – қазіргі күннің жалпыға ортақ мәселелерін жазу жүзінде қозғайтын қаламгер». Ал кейінірек орыс оқымыстылары публицистиканың ауызша түрі де болатынын дәлелдеп шықты. Айталық, Виктория Ученова деген ғалым: «Ауызша публицистика» немесе, басқаша сөзбен айтқанда, жанды нәрсеге, кең аудиторияны тікелей қабылдауына арналған өзекті саяси ойлар тек қана мұқият ойластырылған сөздердің шеберлігіне ғана емес, фольклорлық туындылардың суы-

рып салма айту жағдайындағы шеберлікке де арқа сүйеді», – деген ойдың делбесін сүйреді. Шамамен сол уақыттарда қазақ сөз өнерінде де ауызша публицистиканың бар екені Ахмет Байтұрсынұовтан кейін айтыла бастаған. Соңыра бұл тақырыпта арнайы еңбек жазылмаса да, астарында осы ойды айту ниеті бар диссертациялар мен монографиялар пайда болды. Мәселен, белгілі ғалым Бауыржан Жақып зерттеулерінде осы тарапта белсене ой білдіріп, қазақ жазба публицистиканың қалыптасуына ауызша сакталған мұралардың ықпалы зор болғанынан нақты мысалдармен дәлелдеп берді. Міне, Сейілбек Шаухаманов өзінің қоғам дамуы барысында туындап тұратын түрлі ішкі ой-толғаулары мен ұсыныс-пікірлерін қағаз жүзінде түсіріп, ел назарына ұсыну мүмкіндігі болмаған партия, кеңес органдарында басшылық қызметте жүрген жылдарында тап осы «ауызша публицистиканы» соқтықпалы-соқпақты алмағайып мектебінен өткен.

Өзі риторикаға, сөз өнеріне бір табан жақын жүрген дөңгеші, Сейілбек ағамыз өте көп дос-жарандары арасында ақын-жазушылар аз болған жоқ. Солардың арасында қазақтың корифей, даңғайыр жазушысы Әбдіжәміл

Нұрпейісовпен, дәл сондай дарабоз прозаик Әбіш Кекілбаевпен, дарынды драматург Қалтай Мұхамеджановпен, әдебиеттің әмбебап зерттеушісі Зейнолла Қабдоловпен, арқалы ақын Иранбек Оразбаевпен айрықша жақсы сыйластық қарым-қатынаста болды. Осы қарым-қатынастың оның шығармашылық қиялына – қанат, шабытына – серпін, жазуына жаңалық бергені ақиқат. Ағылшынның атақты философы Фрэнсис Бэкон бір кездері «Туа-бітті дарын жабайы өсіп тұрған өсімдік сияқты, ол өзінің өсу жолында оқымыстылардың қамқорлығын қажет етеді», деген еді. Мына араластық тап осылайша бір жағы Сәкеннің бойындағы дара дарынды дамытуға, оның ашылып жатқан қайнарының көздері ашылуына әсер еткені еш күман тудырмайды. Осы қабырғалы қаламгерлермен араласа жүріп, сырласа жүріп, Сейілбек аға да өзінің қар астында бүрткітеп жатқан шығармашылығының көк майса шалғынын күннің жүзіне жылтылдап шығарып жіберуге біртіндеп талпына берді.

Ауызша сөзге шебер, көсіле сөйлеуде шешен Сәкеннің жазу өнерінде де осындай тұнба таланты өз бойында бұғып жатқанын алғаш аңғарған аға-достарының бірі Әбдіжәміл Нұрпейісов болды. Ол мұны Шаухамановтың «Сырдария» кітапханасы» сериясымен жарық көрген «Ер қанаты» атты кітабына жазған «Тәңір сыйлаған талант» атты кіріспе сөзінде әдемі атап көрсетеді. Қайраткер қаламгер мұны: «Иә, мен қателеспеймін. Оған, кейін, көп жылдар өткенін ғана көзім жетті. Онда да мен ешбір кезде, жеті-сегіз жылдай «Таң-Шолпан» журналы шығарғаннан кейін білдім. Демек, көсем сөз, көркем сөз көмінінен төгіліп тұратын Сейілбектің бойында өкіміштіктен де басқа Тәңір сый ғып дарытқан сөз өнерінің ең бір сыршыл да шыншыл эссе деген жанрды Тәңір эсселе оған етене серік етіп еңілегеніне біз бәріміз куәдар болғанбыз», – деп тебірене толғап жеткізді. Бұдан әрі ол «алмас қанжардың қап түбінде жатпайтынын» мензей отырып, «ақыры Сейілбектің бойына біткен туа талантты қайнар бұлақтай қарқынмен қуатты тасқын атты» деген риясыз мәлімдемеге ұластырады. Сөйтіп, Сәкен өзінің автор есебіндегі тырнақалды туындыларын «Таң-Шолпан» журналына үзбей жариялата бастайды. Сол 2001 жылдан бері қарай оқырман қауым Шаухамановтың ел мен жердің, ұлт пен рухтың мәселелерін қозғап, тұғыры биік тарихи тұлғалар жайлы жазған естелік-эсселерін оқуға кіріседі.

Содан бастап жұртшылық қаламгер Сейілбек Шаухамановтың «Пайғамбардың ұрпағы», «Менің Жақсымы», «Ақын аманаты», «Мың айдың жүзін көрген абыз», «Бақыт кілт», «Иесі кім бұл елдің, киесі кім бұл елдің?», «Ер қанаты», «Ауыл – Алаштың анасы», «Бізге қандай идеология керек?», «Қазақ ел боламы десе» деген сияқты қалау-қалау дүниелерімен танысты. Айтағыны жоқ, Сәкен өзінің тақырыбын таба білген жазушы еді. Бұлай болатыны, ол қашанда тек өзі етене жақсы білетін, өзінің оң жамбасына келетін жайттар мен мәселелерді ғана қаламымен тербеді. Соның ішінде өмірде әлдеқандай бір себептермен туындаған шығармалары да аз болған жоқ. Мысалы, Сәкен «Пайғамбардың ұрпағы» деп аталатын мақаласын оның кіріспесінде жазушы дос-ағасы Әбдіжәмілдің ой салуы, ұсыныс білдіруі арқылы жазғанын ашып айтады. Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезов пен оның шыққан тегі туралы тереңнен қазып, аргы әлемнен қорып сыр шертетін бұл туынды кейін ұлғайтылып, дербес кітап болып та шықты. Мұндағы автордың тағы бір шеберлігі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұстазы Мұхтар туралы толғаныстарын түйдек қалыпта түсірумен бірге, оның барысында осы ұсыныс айтқан ағасының өзінің образы біршама ашып өтеді. Мақаланың тарихи-танымдық жақтарының өзі бір төбе. Одан сонау Мұхаммед ғ.с. пайғамбарымыздан бүгінгі күнге дейін жеткен тағлымды тарихтың сайрап жатқан іргелі іздерін талмай көруге болады.

Осы сөз етіліп отырған Мұхтар Әуезов кезінде «Көксерек» повесін қабырғада ілініп тұрған күнтізбенің суретіне қарап қолға алыпты деген сөз бар. Сол суретті көргенге дейін бұл шығарманың қаңқасы жазушының қиялында болған. Ал суретке қарап тұрып идеяны әрі қарай дамытып

әкеткен. Сол сияқты Сейілбек Шаухаманов өзінің туындыларын жылдар бойы жазып, жанында сақтап келген қойын кітапшаларының парақтарын ақтарып отырып, келесі туындысының тақырыбы мен ендігі кейіпкерінің есімін анықтап алып тұрған екен. Оның осы блокноттарына маржандай тізіліп жазылып қалған жолдар оның шабаты шақырушы қанатты тұлғаны – пегасы есепті болған. Осы ұқыптылық оның сол жазбаларынан да айқын байқалады. Сондықтан очерк пен эсселердегі тарихи даталар мен деректерде де қателік пен ауытқушылық кездесе қоймайды.

Залында, Сейілбек Шаухаманов – естелік-эссе жарының керемет шебері, ысылған маманы. Былайынша оңай болып көрінгенімен, бұл жанрдың қиынның қиыны екенін оны қаламына арқау етіп алып жүрген журналист-жазушылар жақсы біледі. Себебі, естелік-эссе белгілі бір адамдар туралы автордың жинақталған ойы мен түйінін ғана беріп қою салмай, оны оқиға үстінде дәлелден беруге құрылады. Демек, мұнда жалпылама, сүйейсалды сөздер жазумен шығарманың шырғасы шықпайды. Бұл үшін автордың өзі жазып отырған адам туралы кең және жан-жақты түсінігі мен мәліметтері, деректері мен тұжырымдары болуы керек. Міне, осы жағына келгенде, Шаухаманов ақ қағаздың бетінде тайпаған жорғадай жосып ала жөнеледі. Бұған қоса, оның бұл жазбалардағы тілі сондай майда, жұмсақ, жаңға жағымды болып көрінеді. Автор өз эсселерінде бейнелі метафораны, синоним сөздерді қолданады. Синоним сөздерді үдемелетіп, үстің-үстің беру арқылы экспрессивті және эмоциялық екіпінді шығарғаннан кейін білдім. Демек, көсем сөз, көркем сөз көмінінен төгіліп тұратын Сейілбектің бойында өкіміштіктен де басқа Тәңір сый ғып дарытқан сөз өнерінің ең бір сыршыл да шыншыл эссе деген жанрды Тәңір эсселе оған етене серік етіп еңілегеніне біз бәріміз куәдар болғанбыз», – деп тебірене толғап жеткізді. Бұдан әрі ол «алмас қанжардың қап түбінде жатпайтынын» мензей отырып, «ақыры Сейілбектің бойына біткен туа талантты қайнар бұлақтай қарқынмен қуатты тасқын атты» деген риясыз мәлімдемеге ұластырады. Сөйтіп, Сәкен өзінің автор есебіндегі тырнақалды туындыларын «Таң-Шолпан» журналына үзбей жариялата бастайды. Сол 2001 жылдан бері қарай оқырман қауым Шаухамановтың ел мен жердің, ұлт пен рухтың мәселелерін қозғап, тұғыры биік тарихи тұлғалар жайлы жазған естелік-эсселерін оқуға кіріседі.

Содан бастап жұртшылық қаламгер Сейілбек Шаухамановтың «Пайғамбардың ұрпағы», «Менің Жақсымы», «Ақын аманаты», «Мың айдың жүзін көрген абыз», «Бақыт кілт», «Иесі кім бұл елдің, киесі кім бұл елдің?», «Ер қанаты», «Ауыл – Алаштың анасы», «Бізге қандай идеология керек?», «Қазақ ел боламы десе» деген сияқты қалау-қалау дүниелерімен танысты. Айтағыны жоқ, Сәкен өзінің тақырыбын таба білген жазушы еді. Бұлай болатыны, ол қашанда тек өзі етене жақсы білетін, өзінің оң жамбасына келетін жайттар мен мәселелерді ғана қаламымен тербеді. Соның ішінде өмірде әлдеқандай бір себептермен туындаған шығармалары да аз болған жоқ. Мысалы, Сәкен «Пайғамбардың ұрпағы» деп аталатын мақаласын оның кіріспесінде жазушы дос-ағасы Әбдіжәмілдің ой салуы, ұсыныс білдіруі арқылы жазғанын ашып айтады. Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезов пен оның шыққан тегі туралы тереңнен қазып, аргы әлемнен қорып сыр шертетін бұл туынды кейін ұлғайтылып, дербес кітап болып та шықты. Мұндағы автордың тағы бір шеберлігі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұстазы Мұхтар туралы толғаныстарын түйдек қалыпта түсірумен бірге, оның барысында осы ұсыныс айтқан ағасының өзінің образы біршама ашып өтеді. Мақаланың тарихи-танымдық жақтарының өзі бір төбе. Одан сонау Мұхаммед ғ.с. пайғамбарымыздан бүгінгі күнге дейін жеткен тағлымды тарихтың сайрап жатқан іргелі іздерін талмай көруге болады.

Осы сөз етіліп отырған Мұхтар Әуезов кезінде «Көксерек» повесін қабырғада ілініп тұрған күнтізбенің суретіне қарап қолға алыпты деген сөз бар. Сол суретті көргенге дейін бұл шығарманың қаңқасы жазушының қиялында болған. Ал суретке қарап тұрып идеяны әрі қарай дамытып



**Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.**

■ СЫР-СҰХБАТ

ҚҰМБАЗАРДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН МҮЗБАЛАК

ақын, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмахановпен әңгіме

БОЗИНГЕННИҢ РУХЫ

Касиеттің қайнары – рух,
Ақиқаттың айбары – рух.
Тегінің тіккен орда тірегі,
Бақытының байрағы – рух.
О.Нұрмаханов.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарында Құмбазардың ауылнаы болған Нұрмахан Тоқболсын баласының есімі Арал өңіріндегі жұрт аузында жүр. Ал, ол кісі мінген бозингеннің үні әлі күнге әр жерден естіліп тұрады дейді. Былайша, аңыз сияқты, бірақ бұл – есте жоқ ескі заманның емес, осы күннің әңгімесі. Нұрмахан атамыздан «Құдайдың бергені халыққа бер» деген ұлағатты сөз қалған. Осы сөздің өзі-ақ ол кісінің пейілі кең, қолы жомарт, елшіл ер азамат екеніне дәлел.

Атамыз тапқан олжасын ауылына түйесіне теңдеп әкеліп, жоқ-жітікке таратып беретін бір үйдің емес, бір ауылдың әкесі болған. Ел ішінде ауылнаылыққа дейін де абырой-беделі жүріп тұрған Нұрмахан алдына бір байдың тоқсан өгізін салып бергені туралы әңгіме бар. Сонда атамыз өз қорасына бір түйяк кіргізбей, тоқсан өгізді қара жұртқа қылдай бөліп беріпті. Сол атамыздың түйесі иесінің дәретсіз жер баспай, өзін тек сауатты іске ғана жұмсағанын жанымен түйсінген сияқты. Түйе – касиетті мал. Дін кітаптарында «Алланың жүзінің есімін жануарлардан түйе ғана біледі» деп жазылған. Мұндай нығмет иелеріне Жаратушы тарапынан шексіз хикметтер берілген. Мәселен, жүзінің есімді билген пайғамбарлар тірі кезінде-ақ көкке ұшып кеткен, мәңгі жұмақтық болған. Солардың бірі – Ыдырыс пайғамбар. Ал, Алланың жүзінің есімі жазылған жүзіктің иесі болған Сүлеймен он сегіз мың ғаламның тілін түсінген. Осыған қарап бозингенге қонған касиеттің дәрежесін шамалауға болады. Сол іңген баснесі Нұрмахан қайтыс болғанда екі күн бейіт басында жатып алып, үшінші күні өзі де өлген. Қырық күн тән азабына төзе алатын жануар жан азабын үш күн ғана көтеріпті. Содан бері бозингеннің боздаған даусы осы өлкені кезіп жүреді-міс. Расында, бұл Нұрмахан атамның иесі еді. Сол кие бозинген рухы болып касиет қайнарына қонған, ақиқат айбарына айналған. Тегін тірек қылған әулеттің бақыт байрағындай болып бүгінге жеткен.

Нұрмахан атамның немересі, аты мәлім ақын Оңталап Нұрмаханов осы бір әпсананы бір шумак өлеңге сыйғызған.



МӘДЕНИЕТТЕГІ МӘЙЕКТІ ЖЫЛДАРЫМ ЖӘНЕ САПАРБАЕВТЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

– Құрылысшылық мамандыққа қырыңыз болмаған сияқты, ақыры мәдениетке келдіңіз ғой...

– Техникумды толық аяқтаған жоқпын. Анам мен екі інімнің жағдайына алаңдалым. Негізі құрылыс техникумында оқығаным газдандыру мамандығы болатын. Аралдағы газ мекемесі мені маңына да жұттыпты. Жағдайымды айтып Ақтөкен бөлек мекеме бастықтары да айтқанын екі етпейді. Ол кісі мені аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Құдайберген Жасеновке ертіп алып барды. Ол оркестр директері Сайлау Тілеповке жіберді. Шамалы сынақтан өтіп, жұмысқа тұрдым, бір-екі айлық курсы оқып, киномеханик болып алдым. Сосын автоклуб меңгерушілігіне ауыстым. Ақырында, Ақтөбе мәдени-ағарту училищесіне түсіп, көпшілік мәдени шаралар режиссері деген мамандық алып шықтым. Аралға айтысқа да қатысып қоятынмын. Едіге Кішкенева, Елена Әбдіхалықовамен айтысқаным бар.

Аралда халық театрының режиссері, аудандық мәдениет үйінің директоры болып қызмет еттім. 1996 жылы ауданға су шаруашылығы министрі мен облыс әкімі Бердібек Сапарбаев келді. Олар Аралға тікұшақпен келіп қонды. Менің сценарийіммен сап түзген адамдардан тартылып бара жатқан теңіздің қартасы жасалған еді. Биіктен қарағанда бұл бір керемет көрініс болып шығыпты. Осы іссапардан оралған соң әкім облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы арқылы мені Қызылордаға шақыртты.

Облысқа қызметке кел, үй алып береміз деді. Сол кезде екі үл, бір қыз бар. Бұл маған көктен түскендей сый болды. Облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығына жұмысқа тұрдым. Біраз уақыт өткен соң Н.Бекежанов атындағы облыстық театрдың режиссері болып орналастым. Мұнда да жемісті жұмыс атқардым. С.Балғабаетың «Ғашықсыз ғасыр» драмасын, Р.Отарбаевтың «Қандызеке» қасіретнамасын, Иран-Ғайыптың «Тұрмағанбет», Ә.Таразыдың «Люстра» пьесасын, тағы да басқа көптеген шығармаларды сахналадым. Әр қойылымға өз шығармашылығыммен, импровизациямен бардым.

Осылай, театр өнеріне де өз әлімше еңбек сіңірдім. Асанәлі Әшімов, Болат Атабаев секілді сахна өнері саңлақтарының бағасын алдым.

Жастар театры жанымының бір бөлшегі іспетті. Өйткені, ол – менің өз туымдым. Қала әкімі Н.Нәлібаев қолдау көрсетіп, қалалық мәдениет бөлімі есебіне кіргізді. Театр негізінен студенттерден, оқушы жастардан құралған. Кәсіби мамандар емес. Біз олардың болашақ оқуына, тұрақты жұмысқа орналасуына көмектесеміз.

Мақсат – бұлақтың көзін ашу, жастардың өнерін өсіру.

АС БЕРУДІҢ САУАБЫ әкем Дүйсенәлі жайында

– 2016 жылы әке аруағына арнап ас бердім. Қатысқан жұрт аңыз қылып айтып жүр...

– Нұрмахан атам өзінің әкесі Тоқболсынға ас берген. Ол жайында көнекөз қариялардан көп естідім. Ал, әкем Дүйсенәлі атам ас беріп, жырау жыратқан, бәйге шаптырған. Әкем ешкілі бай атанған кісі. Баяғыда бір арба шөп сатып, соған бір туша алған екен, мыңғырған малы сол тушадан көбейіпті. Аста әкем 150 ешкісін елге таратып беріпті. Ол кісі өмір бойы пошташы болып жұмыс істеген. Бекбауыл стансасынан 14 шақырым ауылға хат-хабар, сәлем-сауқатты жаяулап тасыған. Тіріліктің де, тағдырдың да қиыншылығын тартқан адам. Екі бауыры соғыстан оралмаған. Поштаның брезент сөмкесімен бірге әулеттің бар ауыртпалығын арқасына салып өткен. Өзі ақынжанды кісі екен. Мен әкемнен тоғыз жасында қалдым да, көп сырына бойлай алмадым. Ел ішінде «Дүйсенәлі айтыпты» деген өлең сөздер әлі де бар. Кезінде ауыл адамдары әкеме «Нұрша ата жөнінде бір қысса жазсаншы» деп қолқа салыпты. Соған

қарағанда әкемнің ақындығы осал болмаған ғой.

Ертеректе діни сауаты мол, касиет қонған Нұрша деген атамыз өтіпті. Үйі ұлы жолдың бойында отырса керек, өткен-кеткен түсіп, тойынып аттаныпты. Бірде әдеттегідей бір керуен аялдап, аяқ суытады. Керуенде бір жас қыз болыпты. Нұршаның екі әйелі де құрсақ көтермеген екен. Әке-шешесінен сол қызды сұрайды. Сонда қыз кереге көзінен сондай жерде келе жатқан Нұршаны көріп, «осы кісінің етегінен ұстадым» депті. Жас қыз өзінен қырық жастай үлкен кісінің касиетін жазбай таныған ғой. Осы анамыз құрсақ көтеріп, Нұрша атамыздан салықалы ұрпақ өрбіген.

Сөйтіп, мен де ата дәстүрімен өз әкеме ас бердім. Ас ішіп, аяқ босату емес, Демеу жырау «Қарасай-Қазиды» бір таңға жырылап, жұртты жырт булағына қандырды. Асқа түскен малды мешітке байлады. Әкемнің өзі болса да сөйтер еді.

Осы астан соң ісім оңға басты. Алпыс жасымды атап өттім. Сол кездегі аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев қабылдады. Кітаптарым жарыққа шықты.

Жастар театрын құрған едім. Театр жұмысы да алға жылжып келеді.

ЖАНЫМНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ – ЖАСТАР ТЕАТРЫ Атақ деген немене?..

– «Қорқыт-қобыз» секілді ән сөзінің авторы есебінде атыңыз дүрлідеп шықты. Ал, атағыңыз қандай? Айтпақшы, жастар театры жайында біле бермейтіндер көп...

– Рамазан Таймановтың әніне жазылған осы өлеңнің шарықтап кетуі Қорқыттың рух күші ғой. Гүлнұр Оразымбетова сол әнімен «Азия дауысының» гран-прині алды.

Атаққа таласқан емеспін. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген атаққа тоғыз рет ұсынылып, ала алған жоқпын.

«...Атақ деген немене, Ақ жорға ма деп қалам. Әр тақыма бір шауып, Бір қазыққа тоқтаған» – дейей ме, Жүмекен ақын. Атақ адамды өзі іздейді.

Өткен қала күнінде «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атандым. Бұл аз ба? Осы атақты алуыма Жастар театрының себеі бар. Қала мерекесінде «театрыңа байғазым болсын» деп С.Балғабаетың өзі сыйлаған «Қызылорданың қыздары» деп аталатын пьесаны қойды. Корермен жоғары бағалады, қайта сұрап жатқандар да көп.

Жастар театры жанымының бір бөлшегі іспетті. Өйткені, ол – менің өз туымдым. Қала әкімі Н.Нәлібаев қолдау көрсетіп, қалалық мәдениет бөлімі есебіне кіргізді. Театр негізінен студенттерден, оқушы жастардан құралған. Кәсіби мамандар емес. Біз олардың болашақ оқуына, тұрақты жұмысқа орналасуына көмектесеміз.

Мақсат – бұлақтың көзін ашу, жастардың өнерін өсіру.

Онекемен қатар жүрсек те, бір-біріміздің сырмызға қанық еместігіміз тағы білді. Мен оның өнер мен мәдениетке жасап жатқан жанкешті еңбегіне риза болып отырмын...

Сонау бір көктемде Құмбазардан қанат қаққан мұзбалак бүгінде өнер көгіндегі қыранға айналды десем, онымды биіктету деп білменіз. Оңталаптың өнер тұғыры, адами орны шынында да биікте!



Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы».

ЖІГІТ БОЛАМ ДЕГЕНШЕ немесе қара қайыққа ақша тыққан атам

– Балалық шақ әркімде болады, жігіт болам дегенше де біраз жол жүреді. Кейбіреулер осы кезеңді таусылмас қызықтарымен қимай еске алады, енді біреулер тағдырына налып отырады. Сіз де ойнамай өскен бала болдыңыз ба, ойыңызда не қалды?

– Ойын баласы ойынмен өседі. «Біздің балалығымыз ойынсыз өтті» деу салыстырмалы сөз.

Мен 1958-ші жылғымын. Жақайымның Көлімбет аталығы көбірек тұратын Құмбазар ауылында дүниеге келгенмін. Бөтенкесінің басы екі жаққа қарап, шалбарын көкіректен бір-ақ байлайтын ауыл баласының бірімін. Орбалақ, Алдасберген, Дауылбай, Алпысбай – біріміз есекпен көкпар шабатынбыз, лөңгі тебетінбіз, «дүк-дүк» ойнап, бір-біріміздің тығылған жерімізді таппай жүретінбіз.

Екінші класс оқып жүргенде әкем қайтыс болды. Мен мұң деген нәрсеңіз барын сонда сезіндім. Шешем Ділдіш пен екі інімді нағашыларым Шөмішкөлге көшіріп әкетті. Мені Қарақұмда тұратын Тәрбие апам өз қолына алды. 3-4 класты осы жерде оқып, сосын мен де Шөмішкөлге келдім. Жұрт «Әлімнің Әбілдасы» деп атайтын нағашы атам

өте ықпалды адам болған. Нағашы әкем Айша да ауылдың Бибибатымасы еді. Осы кісілердің шапағатын көп көрдік. Мен сегізіншіні бітірген жылы Қызылжар колхозында онжылдық ашылды да, соңғы екі жылымды осы мектепте оқыдым. Өлең сөзге ұста едім, әдебиетті сөктей бексе оқыдым. Сол дәрежеге жетуіме ұстазым Дабыл Омаровтың еңбегі сіңді.

Нағашы атам мені өте жақсы көретін. Жасы ұлғайып, төсек тартып жатқанда қасына шақырып: «Көлдің жиегіндегі қара қайыққа бар. Соның басына көп ақша тықтым, өміріңе жетеді» – деді. Әдепкіде қара қайықты аударып-төңкеріп шынымен дөмеленіп қарадым, бірақ тапқан ештеңем жоқ. Берірекке дейін нағашыларым: «Көкем бізге ештеңе тастамай кетті, өмірбойы жиғанын Оңталапқа берді» – деп әзілдеп жүрді. Шынында қара қайық қанша жыл қара толқындарды қақ жарып, елдің несібесін тасыған ырысты көлік. Сол қайықтың үстінде зұзатым бақытты ғұмыр кешсе екен деген Әбілда атамның арманы сумен бірге төлкіп, талай мәрте жағалауға асыққан шығар.

Кейін мен: Қайтқан қәрі теңізге тағам айып, Өр толқынды шалшық су табалауда.

Күні өткен керексіз қара қайық, Қақсып жатыр қақырап жағалауда, – деп өлең де жаздым.

Бәлкім, атамның тығып кеткен көп ақшасы менің өмірлік несібемді тілеген ниеті ме екен?..

МАРДАНЫҢ МАГНИТОФОНЫ немесе 105 жастағы айтыскер

– Мектеп бітіріп, ҚазГУ-ге жол тартқан шығарсыз?

– Тәрбие апамның баласы Серік екеуміздің арман арқалап Алматы қайдасын деп жол тартқанмыз рас. Барғасын басқаша болды, ҚазГУ-ден құлап, құрылыс техникумына түстім. Серік болса, энергетика институтын таңдады.

Біздің техник М.Өуезовтің музей үйіне жақын орналасқандықтан сол жерде өтетін мәдени жиындарға жиі барып тұратынбыз. Көбіне көретініміз ақын-жазушылардың жана шыққан кітабы жөніндегі жиындар, кейде айтыс ұйымдастырылады. Сөйтіп жүріп, ауыз әдебиетін жинаушы атақты этнограф-ғалым Мардан Байділдаевпен таныстым. Менің Қызылордадан екенімді білген соң ішартып, иығындағы магнитофонын сыпырып, маған арқалатты. Небір жыраулар мен күйшілерді жазып алған ұнтаспаларының өзі бір дорба.

1976 жылдың көктеміндегі бір күнінде музейде Манап Көкенов пен Көкен Шәкиевтің айтысы болды. Айттымы Мардан аға басқарып жүрді. Мен болсам, магнитофонның түймесін сырт еткізіп, өз жұмысыма кірісемін. Ол кезде Манапты да, Көкен Шәкиевті де білмейтінмін. Сөйтсем, екеуі де қазақтың атақты ақындары екен. Сол екі ақынның айтысынан соң Мардекен: «Ертең Ұзынағашта үлкен айтыс өтеді, қалғанын сонда тыңдай-

мыз» – деп жұртты таратып жіберді. Сабағынан қалмасын дегені шығар, маған жүр демеді.

Бір бөлмеде төрт бала жататынбыз. Төртеуіміз сол айтысқа баратын болып келістік. Түнімен әңгіме соқтық. Өнер, айтыс туралы көбірек білетінім жанымадағылардың шамына тиді ме, аздама мені ояптастан үшеуі кетіп қалыпты. Алқын-жұлқын «Сайран» автостансасына жеттім. Осы жерде бейтаныс екі жігітпен сөйлесіп, танысып қалдым. Олар айтысқа бір кемпірді алып бара жатыр екен. Бұл өзі жігіт кемпір емес, кезінде Жамбыл Жабаевпен айтысқан, жасы 105-те дейді!

Ұзынағашқа келгенімді көріп Мардан ағам қуанып қалды, әдеттегідей магнитофон арқалатып қойды. Өлгі жігіттер де мені қолбала қылып, сахнадағы микрофонды, үстелдерді орын-орнына қоюға жұмсап жатыр. Өздері осы мәдениет саласының қызметкерлері болып шықты. Былайғы жұрт көзіне мен де мәдениет саласының адамы сияқты едім. Көпшіліктің ішіне көзім түсіп кетіп еді, маған қарап, мойындарын ішіне тығып үш досым отыр. Мән берген жоқпын, олардың алдында өзімді биік сезіндім, өйткені сахнада жүрмін.

Айтысты әлгі кемпір ашты. Домбыра қағуға қол икемі келмеді, бірақ сөзден жаңылған жоқ, суырып салып айтты. Сол күні жұрт Манап пен Надежда Лушикованың айтысын тыңдады, жұрттың қайта-қайта қолпапшап, қол ұрып отырғаны әлі есімде. Айтыстан соң мен де ресторанда бардым, әйгілі өнер адамдарыммен дәмдес болдым.

Осылайша, тағдырым мені өнерге қарай қақпайлап бұрды.



Табиғатынан тәлімгер еді

Зымырап бара жатқан уақыт жылдамдығына көз іспесейді. Тіршілік көшінде «Не бітірдім, не бітіруім керек, кімнің қамқорлығын көрдім, кімге қарыздармын?» деген сауалдарға жауап іздегенде қиналған сәттерде ақыл қосқан, көмек қолын сөзгандардың ойына оралары ақиқат. Сондай жандар ойға түскенде «Апырым-ай, арамызда жүргенде сол азаматтардың қадірін түсіне алдық па, бағалай алдық па?» деген сұрақтар санаға салмақ салады.

Қазір заманнан ба, әлде адамнан ба, бәлкім «көзден кетсе – көңілден кетеді» деген рас па, әйтеуір бір кездері қамқорлығын көрген, тек мен ғана емес, талаптың ғылымға қол созған көптеген жас мамандарға көмегін аямаған ағалардың өмірден озуы сол екен, ұмыта бастайтынмыз дағдыға айналып барады. Ал, университетке кейін келген жастар олардың кім болғандарынан да хабарсыз екен. Бұған не дерсің?!

Мен Сыр бойына белгілі кез, ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Ысқақ Қарқынбайұлы Қарқынбаевпен сонау 1980 жылдары танысқан едім.

С.Киров атындағы ҚазМУ-ды бітіріп, жолдасыммен Қызылорда пединститутына келдім, осы кезде Ысқақ ағамен кездейсоқ танысып, ол өзі менгерушісі болып қызмет ететін Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты Қызылорда филиалында жаңадан ашылған «Жоғары математика» кафедрасына жұмысқа шақырды. Алайда, мен Қызылорда қаласында қалғым келмейтін, пединститутта да көп кідіре қоймайтынмын, елді сағынғанымды айттым. Әскері бар, оқуы бар 7-8 жыл отбасынан алшақ жүру де оңай емес екен, сонымен үш-төрт айдан соң мен Арал қаласына келіп, сондағы №14 орыс орта мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып қызметке кірісіп кеттім. Алайда ағай мектеппен байланысып, маған «Көп жүріп алма, қарайың қаласың, сосын ғылымға беттемей қоясың» деп телефон арқылы шақыруын тоқтатпады. Мен ішімнен «Туысым емес, туғаным емес, мына кісі мені неге мазалай береді?» деп жүрдім. Бүгін ойлап отырсам, егер Ысқақ ағай солай қамқорлық жасамаса, ғылымға келер ме едім, келмес пе едім, келсем де қазіргі деңгейге, ғылым докторы, профессор деңгейіне көтеріле алар ма едім, бәлкім жете алмас па едім?!

Ағай арамызда болғанда биыл 80 жылдығын тойлар едік, тағдырдың жазуы шығар ұстаздың өмірден озғанына, міне, екі жылдан асып барады екен. Ол 1939 жылдың 17 қарашасында Жалағаш ауданы қазіргі Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы жетіжылдық мектептің 5-сыныбынан бітірген соң, Қызылорда қаласындағы «1 Мамыр» мектебі жанындағы пансионат-интернатта тәрбиеленіп, 1956 жылы бітіріп шықты. Оқушы кезінде математика пәніне деген қызығушылығымен, зеректігі-



мен көзге түскен Ысқақ ағай, 1956 жылы ұстаздарының жол сілтеуімен Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика бөліміне оқуға түсіп, оны 1961 жылы бітіріп шығады.

1961-1962 жылдары Қызылорда қаласындағы Ф.Мұратбаев атындағы №171 мектепте физика және математикадан дәріс берген ол 1962-1971 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектептің мұғалімі және өндірістік оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарды. «Білімді жетілдірсем, ғылым жолына түссем» деген арман оны 1971 жылы өзі бітірген физика-математика факультетінің математика кафедрасына оқытушы қызметіне әкелді.

1973-1978 жылдары Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің «Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер» кафедрасында академик А.Самойленконың жетекшілігімен стажер болып бастап, содан кейін аспирантурада оқыды. 1979 жылы осы университеттің арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесінде профессор А.Самойленконың және физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Перестюктін жетекшілік етуімен «Исследование слабо нелинейных систем с переключением и систем с импульсным воздействием» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Кейінірек ағай бір көңілденіп отырғанында Киев университеті туралы сөз қозғалса, «Сендердің ағайларың қырық жасында, қырықшыны дәрісхананда кандидаттық диссертация қорғаған, оны білесіңдер ме?» деп қалжыңдайтын. 1980 жылы ол Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында жаңадан ашылған «Жоғары математика» кафедрасына менгерушісі

болып сайланды. Ысқақ Қарқынбайұлы кафедра жұмысын дұрыс жолға қоя білді және ол жұмысты жоғары деңгейге көтерді. Кафедраның жас оқытушыларының Кеңес Одағының ірі қалаларында аспирантурада оқуына жағдай жасады. Кафедра менгерушісі болып істеген жылдары Р.Рахметова, Ф.Баканов, Е.Әбжанов, Е.Батырбаев, Б.Жанмолдаев және т.б. оқытушылар Воронеж, Киев, Москва, Новосибирск сияқты ірі қалалардың оқу орындарына аспирантураға жіберілді. Оқытушылардың біліктілігін көтеру, студенттердің үлгірін қадағалау, кафедраның материалдық базасын нығайту назардан тыс қалмады. Мәдениетті, киімді аса талғаммен киетін, оқытушыларға да, студенттерге де ешқашан дауыс көтермей сөйлейтін, жастарға жол көрсетуден, ақылын айтудан жалықпайтын Ысқақ ағай бүкіл ұжымның құрметіне бөленді. Студенттердің, оқытушылардың, әсіресе жас оқытушылардың сүйікті тәлімгеріне айналды.

Ол кафедраны 1980-1989 жылдары басқарды, 1986 жылы доцент атағын иеленді. 1990-1997 жылдары Ы.Жақаев атындағы КИИАП-тың доценті, ал 1998 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, 2002 жылдан бастап жоғары математика кафедрасының профессоры болып жұмыс атқарды.

Ысқақ Қарқынбаев – 70-ке тарта ғылыми еңбектің және 4 оқу құралының авторы. Ғылым зерттеу жұмысының бағыты – импульстік дифференциалдық теңдеулерді зерттеу болды. Ол бірнеше мерекелік мөдалмен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, Халық депутаттары облыстық кеңесінің Құрмет грамотасымен, Білім және ғылым министрлігінің «Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған. Ысқақ ағаның жұбайы – Әлияқбарова Қаншайым апай да ұстаз, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері, зейнеткер. Төрт бала тәрбиелеп өсірді. Олардың жоғары білім алуына мүмкіндік жасады, он бір немере, бір шөбере сүйді.

Мәскеу, Алматы, Одесса, Свердловск, т.б. қалалар университеттерінде ғылыми баындамалар жасап, шетелдік ғылыми журналдарда мақалалары жарық көрген Ысқақ аға 2017 жылдың 10 ақпанында өмірден озды. Жібек мінезді, жаны таза, адалдықтың ақ туын биік ұстаған, бүкіл ғұмырының 51 жылын жастарға ілім-білім беру ісіне арнаған ұлағатты ұстаз Ысқақ Қарқынбайұлы табиғатынан тәлімгер, болмысынан ұстаз болып жаратылған жан еді.

Б.ЖАНМОЛДАЕВ,
техника ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры.

Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы

«Өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдаланудың үлгілік қағидаларын және өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 863 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде 17522 нөмірмен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса беріліп отырған:
- Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібі;
- Өкілдік шығындардың нормалары бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» және «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіпін осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ф.М.Әмірекев жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Ысқақов.**
Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы « » № _____ қаулысымен бекітілген
Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібі
1. Жалпы ережелер

1. Осы Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормалары өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдаланудың тәртібі мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен өкілдік шығындардың нормаларын айқындайды.

2. Өкілдік шығындар – бұл тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетке көзделген және шетелдік делегацияларды қабылдауға, отырыстар, конференциялар, кеңестер, семинарлар, салтанатты және ресми іс-шаралар өткізуге пайдаланылатын қаражат.

Өкілдік шығындарға:
1) автокөліктік қызмет көрсету;
2) аудармашылардың қызметін төлеу;
3) ресми түскі астар, кешкі астар, фуршеттер;
4) облыстың әкімі рұқсат еткен өзге шығыстар жатады.

2. Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібі

3. Мынадай құжаттардың болуы өкілдік шығындарға қаражат бөлуге негіз болып табылады:
1) іс-шараларды өткізу қажеттігін негіздемесі;
2) ресми делегацияның келуі бағдарламасы;
3) іс-шараларды дайындау жоспары;
4) қатысушылар саны туралы деректер;

5) өкілдік шығындардың нормаларына сәйкес әрбір шығын бабы бойынша есептері бар шығыстар сметасы және шығындар көлемін растайтын құжаттар (шығындар калькуляциясы, прайс-парақтар және өзге де құжаттар);
6) «Қызылорда облысының қаржы басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің шығындар сметасы бойынша қорытындысы.

4. Бюджеттік бағдарлама әкімінің іс-шаралар өткізілетінінен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бірінші басып (оны ауыстыратын тулғанын) қолын қойдырып өкілдік шығындарға бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті тапсырады, ол мыналарды қамтиды:

1) іс-шараны өткізу үшін негіздеме, осы Өкілдік шығындарға арналған қаражатты пайдалану тәртібінің 3-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген шығыстар сметасы мен құжаттар;

2) өткізілген іс-шаралар қатысушылардың нақты санын растайтын құжат;

3) шығыстар сметасы бойынша іс жүзіндегі шығындарды растайтын құжаттардың көшірмелері (сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің құны мен көлемі көрсетілген түбіртектер, шот-фактуралар, құжатқатар, орындардан жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері, шарттар).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы « » № _____ қаулысымен бекітілген

Өкілдік шығындардың нормалары

№	Өкілдік шығындардың атауы	Құны, теңгемен
1	Автомобиль көлігімен делегацияларға қызмет көрсетуге көлік шығындарын төлеу, сағат сайынғы негізде қарастырылады	700 лейін
2	Делегацияның қарсы алатын мемлекеттік органның ішкі шығындары жоқ аудармашының еңбекақысын төлеу, сағат сайынғы негізде жүргізіледі	700 лейін
3	1) ресми қабылдауларды өткізуге шығындар (танғы ас, түскі ас, кешкі ас) құнына бір адам есебінен делегациялар үшін жүргізіледі 2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары төрағаларының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының қатысуымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хаттамасында қарастырылған қабылдауларды өткізуге шығындар (танғы ас, түскі ас, кешкі ас) құнына бір адамға арналған есеп бойынша жүргізіледі 3) келіссөздер, мәдени бағдарлама іс-шаралары кезінде бір күнде бір адамға, аудармашы мен бірге еріп жүрген тұлғаларды қоса алғанда, фуршеттер	10 000 лейін 30 000 лейін 1500 лейін

Ескертпе:
1) ресми қабылдаулар кезінде, Қазақстан Республикасы тарапынан қатысушылардың санын аспауы тиіс;

2) бекітілген артық делегация құрамына, делегацияға қызмет көрсетіп бірге еріп жүретін тұлғалар мен аудармашылардың саны (ішпеселі аудармадан бөлек) делегацияның кем дегенде бес мүшесінен бір аудармашы немесе бірге еріп жүретін тұлға есебінен айқындалады.

Сексеуіл табиғи жағдайда көбейіп келеді

Қазақстандағы орман қорының жартысына жуығын сексеуілді тоғай алып жатыр. Оның көлемі 5 млн шаршы метр деп есептеледі.

Өткен ғасырдың 40-50 жылдары сексеуілді отын қоры ретінде пайдаланғаны белгілі. Баканас, Сары-Үйшік-Отырар, Мойынқұм және Қызылқұмда сексеуілден арнайы отын дайындаған. Сексеуіл қорын сақтап қалу үшін бір жылдары көшет де отырғызылды. Алайда жылма-жыл отынға көп дайындалғандықтан, сексеуіл орманы сиреп кетті. Енді мүлде жойылып кету қаупі төніп тұр. Мұны қорғау шараларын күшейту қажет.

Сексеуіл көктемде гүлдейді. Жемісі қанатты жаңғақша тәрізді, қырқүйек-қазан айларында пісіп-жетіліп, қараша-желтоқсан айларында жерге төгіледі. Сол жерге түскен тұқымнан көбейіп, 30-60 жыл тіршілік етеді. Қазақстанда 3 түрі бар. Қара және ақ сексеуіл, сонымен қатар занды сексеуіл сексеуіл. Бұл Қазақстандағы орман қорының 48 процентін алып жатыр. Ақ сексеуілдің бойы 1,5-2,5 метр. Негізінен құмдауыт әрі сортаңдау жерлерде өседі. Құрғақшылыққа бейім. Оның тамыры 10-11 метр тереңдікке дейін кетеді. Сирек те болса ара-арасында бұтақтарының биіктігі 5 метрге дейін өсетіндері бар. Өркендері майда, қою-жасыл

сексеуіл аққа қарағанда жуандау әрі ірі. Бұл шығырланып өседі. Алыстан қараған, қалың жынысты орман тәрізді. Өз



түсті шырынды. Ерте көктемде өркендерінде майда ашық-көктер түсті гүлдері болады.

Ал қара сексеуілі Сырдария, Іле, Шү өзендерінің төменгі ағысының аңғарларында тоғай болып өседі. Биіктігі 6 метрге дейін жетеді, тұзды, сортаң топырақта өсетіндіктен, жасыл өркендері де тұзды болады. Жапырағы болмайды, діні қисық, жиі бұтақталған, тамыры 8-12 тереңдікке сипіп, жерасты тұзды суын сорады. Қара

Талап баршаға ортақ

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық-бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне себепті тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын терендеті түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырақ емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Е.ӘБДІҚАЛЫҚОВ,
облыстық жолшығарушылар колігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы.

кездеседі. Бұтағының қабығы ашық-қоңыр, жас өркендерінің ашық-жасыл түсті. Жалпы биологиялық ерекшеліктері және анатомиялық құрылысы бойынша ол қара сексеуілге жақын, яғни аптап ыстыққа, аязға төзімді, оны тек тұқымының пішіні арқылы ғана оңай ажыратуға болады. Қара сексеуілдік домалақ болса, Зайсан сексеуілінің тұқымы жүрек тәрізді.

Сексеуілдің қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше ролі бар. Қатты сокқан дауылды желден құм көшкінін тоқтатады. Ол қыста қар тоқтатып, топырақта ылғалдың сақталуына және мал жайылымына қажетті шөптердің өсуіне көп пайдасын тигізеді.

«Барсақалмес» мемлекеттік табиғи қорығының жалпы көлемі 160826 гектар болса, орман қоры 60528 гектар. Ал оның ішінде орманды алқапты 41361 гектар жер алып жатыр. Қорықтағы орман қоры сексеуіл тоғайларынан тұрады. Бүгінде қорық режимі сексеуіл ормандарының табиғи өсуі үшін қолайлы жағдай туғызып, сексеуілді тоғайлардың көбеюіне жол ашты.

Таймұрат ӘБДІКЕРОВ,
«Барсақалмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ қызметкері.

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-21-02) «Онүстік Батыс Қарабұлақ кенішіне №1ННВ, 12, 30 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-22-02) «Бұхарсай кенішіне №1ННВ, 11, 21, 22 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Кәсіпкерлік субъектілеріне ескерту берілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің облыс бойынша департаменті қараша айында өңірде кейбір әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына қалыптасып жатқан баға осы жағдайын зерделеу барысында Қызылорда қаласында орналасқан азық-түлік тауарларын бөлшек өткізуді 5 ірі супермаркеттің, атап айтқанда, «Ақ-ниет», «Ажар City», «Аль-Асад», «Раду-га», «Қызылорда» іс-әрекетінде бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер белгілерін анықтады.

ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 170-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес тауарлар өндіруді, өткізуді жүзеге асыратын нарық субъектілерінің бәсекелестікті шектеуге бағытталған, оның ішінде тауарларды сатып алу немесе

ҚР бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің бар екені туралы супермаркеттерге қатысты хабарлама шығарылды.

Нақты кезеңде нарық субъектілері алдағы уақытта бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттерді болдырмауды қатаң қадағалап, ҚР бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілері орын алмайтындығын хабардар етіп, барлық 5 хабарлама белгіленген мерзімде орындалды.

Сонымен қатар, департамент осы жылдың қазан айында тауық етін көтерме өткізуді ЖК «Байменов М» және

тауық жұмыртқасын көтерме өткізуді ЖК «Бегімбаев Ж» іс-әрекеттерінде азық-түлік тауарларын бөлшек саудада өткізу қызметін көрсететін нарық субъектілеріне объективті түрде ақталмайтын себептермен әртүрлі бағаларды қолдану белгілері анықталған. Кодекстің 174-бабы 2-тармақшасына сәйкес нарық субъектілерімен немесе тұтынушылармен жасалған мәні бірдей келісімдерге объективті түрде ақталмайтын себептермен әртүрлі бағаларды не әртүрлі шарттарды қолдану әрекеттеріне тыйым салынады. Осыған сәйкес, Кодекстің 199-бабының 1-тармағына сәй-

кес, жеке кәсіпкерлер «Байменов М» және «Бегімбаев Ж» қатысты хабарлама шығарылды. Кәсіпкерлер хабарламаны белгіленген мерзімде орындады. Яғни, өз қызметтерін жүзеге асыру ба-рысында алдағы уақытта Кодекстің талаптары сақталып, заңнама бұзушылықтарға жол берілмейтіндігін хабарлар етті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

Мен ауылдың ұлымын

(Ой-жазба)

Біздің тұратынымыз сұлу Сырдың бойынан он-он бес шақырымдай жерде орналасқан Карл Маркс деп аталатын ауыл. Қай кезде екені есімде жоқ, сірә, Тәуелсіздік алғаннан кейін шығар, қаба сақал көсемнің бағы тайды да, ауылға Бекарыстан аты берілді. Бекарыстан заманында би болған деседі. Жанқожа, Ақтан батырмен үзегілес өмір кешкен баба рухы ауылымызға қайта оралған тұс еді бұл. Түтін саны бес жүзге жетекабыл бұл жер тұрғындарының кәсібі – күріш егіп, тары салатын. Балаларға бір мезгіл ермек болсын дей ме, қауып-қарбызды тіптен мол төгетін. Берекелі еді...

Ержан ҚОЖАСОВ.

Облыс орталығында жұмыс істесем де ауылға жиі баруға тырысамын. Елге қарай бір иығың әуелден бұрып тұрғанда, қоңыр үнді белгілі әншінің туған ауыл жайлы айтқан әніне іштей «аһ» ұратын сәттер көп болатын. Шер тарқайтындай. Сағынышты бауға сол әннің өзі жетерлік пе?!

Жетегіне еріп жалғанның, Қалаға жедел жетіптіз. Артынан еріп арманның, Ауылдан шығып кетіптіз... Рас қой. Арманы жетектеген әр адам қалада жүр. Жеткені аз. Жетем деп тырбаңдағаны мұнан көп. Өйтеуір, ілділаған тірлік. Бірақ, жер-жерді араласаң да, кіндігін сол ауылмен бірге екенін іштей сезесің. Сезесің де сағыныш деген «сары ауруға» тап боларсың. «Әй, осы демалыста тартып кетпесем бе» деп іштей ант-су ішкенмен, қаладағы қобырсыған көп тірлік қолға байлау, аяққа тұсау. Бәрібір, ауылға бару керек қой. «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді». Көңілден көшпейтіні де, өшпейтіні де рас еді. Ауылдағы әкөңіл жұртты сіз де сағынған шығарсыз, күрметті оқырман?! Ендеше, шалғай ауылда өсіп, қаланы әлі де тосырқай қарайтын ұлдың жазбасы еді бұл. Оқып көріңіз.

Апамның ерлігі

Мен ата-әженің етегіне оралып өскен баламын. Шыны керек, атамның бала күнінде «жоғалған түейсін» іздеуге аттанғаны ғана есімде. Ал апам мен мектеп бітіруге таяу уақытта қайтты. Оларды сағынамын. Әсіресе, апамды. Неге олай дейсіз ғой? Басынан баяндайын. Мен бұрын сағыныштың не екенін жөнді ұқпаушы едім. Сағыныш дегенің аптап ыстықта созылып жатқан сары құмнан да бетер сарғайтады екен. Апам дүниеден озғалы соны білгендеймін. Еске түссе, әлдене жоғалтып алғандай өбiрге түсем. Бала болып шалқып та, шапқылап та жүргенім сол апамның арқасы еді. Апам еске түссе... Ауыл іргесін бойлай аға-



тын ені тар, бірақ түбі терең кішігірім канал бар. Жаздай құтырынып, өрекіп ағып жататын бұл жарықтық қыста да сабасына түсе қоймайды. Ауыл адамдары «Қанды арық» деп бекер айтпаса керек-ті. Жайпауының өзінен өтерде сиыр мен жылқы біраз тәлітрестейді. Ал қой мен ешкіні қас пен көздің арасында домалатып ала жөнелгенін көрсек. Көбісі пышаққа ілінеді. Сондықтан балаларға шомылмақ тұрмақ, жақындауға рұқсат етілмейді. Рас, шілдеде өзен біраз тартылыңқырап, ағысы баяулайды. Сонда ғана ересек балалар жайпауытқа барып бауырын төсеп, салқындайды. Алайда, ортасына сұғынып барудан өздері де тайсақтайтын.

– Қайта жуасығаны ғой. Бұрын бұдан қатты ағатын. Талай баланың басын жұтты ғой түге, құрғыр. Дегенмен, әлі де қауіпті. Жоламандар, – деп сақтандырып отырады апам.

ііп, ержеттік. Балалық шағымды ойлағанда мына бір жайт естен кетпейді. Қараша айының соңғы күндері болатын. Соңғы сабақ біткен. Күннің суықтығы мектеп ауласынан шыға бере білінді. Күн кешкіре бастаған кез. Қыстың қалың қары айналаны қымтап, ызғары беті-қолыңды қарып тұрған-ды. Өзеніміз мұз құрсанды. Бірақ мұз қалайта жұқа, тіпті балықтың қабыршағындай болар. Аяғыңды басқан қақ айырылып, суға күмп беруің бек мүмкін. Бетімді суық тілімен жаалаған сары аязға дес бермей, үйге дейін әзер жеттім.

Алдымнан еркелей шыққан Саққалқты бір теуіп қынсылаттым да, есіктің алдында сүйсеулі тұрған легенді қаңғыр-күңгір еткізіп, өзімнің келе жатқанымнан хабар бере бастадым. Күндегі әдетім осы. Апам мұндайда еркелетіп қар-

сы алатын. Бүгін мұндай жарымды аялайтын жылы сөздер естілмеді. Не болғанын білмей аңырап қалыпмын. Жез шамның көмескі жарығынан пештің жанында көрпені қалың жамылып, бүк түсіп жатқан апамды көзбен іздеп әрең таптым. Көзі жұмулы. Танертең тын еді, ауырып қалғаннан сау ма? Маған кетерде: – Мұздың үстімен жүрме, жарылып кетеді, – деп тапсырған. Сол тапсырмасының орын-

мұз шытынап опырылып, суға түсіп кетті. Жарылмаған мұздың ернеуінен ұстап әрең тұр. Аз болса жұмарланып мұздың астына кетпек. Екеуінің де дауын адам жанын шығара шықырап жылайды. Апам көп ойлап тұрмай, мұзды сатыр-күтір сындыра-мындыра балаларға жетіп барады да, оларды жағаға шығарғанша жанұшырады. Кімдері малмандай су кішкентайларды үйіне апарып тапсырады да, үйге жеткенше киімі

қалайып қатып қалады. Міне, болғаны осы.

– Қанды арық кімді айтып жанына жақын барып.

– Суықтап қалдым, қарағым. Кішкене жылынып, шай ішіп, терлесем, жөнделерім, – деп ол көзін жұмды. Мен не болғанын түсінбей, үйдегілерге сұраулы жүзбен жағалай қарайын.

– Апам мұз жарылып, суға түсіп кетті, – деді ағам. Бізді қалдырмай, өзінің мұзда несі бар екен? Бәсе бір пәленің болғанын сезгендей екенім өзім де.

Женгем болған жайтты суыртпақтамай, көсілтіп айтып шықты, бар болғыр. Түс ауа апам жас қозыларды суықта қатып қалмасын деп жылы қораға кіргізу үшін тысқа шықпай ма. Есікті жабар-жаппас өзен жақтан балалардың шықырап жылап, көмек сұраған даусын естиді. Бұл аласұрып, қалбалақтап жүгіріп жетіп барады. Сөйтсе, екі бала

қалайып қатып қалады. Міне, болғаны осы.

– Қанды арық кімді айтып жанына жақын барып.

– Суықтап қалдым, қарағым. Кішкене жылынып, шай ішіп, терлесем, жөнделерім, – деп ол көзін жұмды. Мен не болғанын түсінбей, үйдегілерге сұраулы жүзбен жағалай қарайын.

– Апам мұз жарылып, суға түсіп кетті, – деді ағам. Бізді қалдырмай, өзінің мұзда несі бар екен? Бәсе бір пәленің болғанын сезгендей екенім өзім де.

Женгем болған жайтты суыртпақтамай, көсілтіп айтып шықты, бар болғыр. Түс ауа апам жас қозыларды суықта қатып қалмасын деп жылы қораға кіргізу үшін тысқа шықпай ма. Есікті жабар-жаппас өзен жақтан балалардың шықырап жылап, көмек сұраған даусын естиді. Бұл аласұрып, қалбалақтап жүгіріп жетіп барады. Сөйтсе, екі бала

TURBO DEPOSIT

14,5%* дейін

+ СЫЙЛЫҚ

*Турбо Депозит Жинақталуы 500 000 теңгеден бастап ашықталатынын ескеріңіз.

7722 eubank.kz Smartbank

Сатылады

- "Мағжан и К" ЖШС күріш тұқымның Элита (258 тг) және I репродукциялы (224 тг) "Янтарь", "Лидер" сорттарын ұсынады. Тұқымдар 40 кг қапта шығарылады. Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG
- "Мағжан и К" ЖШС жоңышқа тұқымның III репродукциялы "Жетісулық жергілікті" сортын ұсынады (1 кг бағасы 1200 тг). Тұқымдар 50 кг қапта шығарылады. Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG (9-3)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Ақ тілек

Сіздер барда бақыттымыз біз дәйім

Әкеміз Мырзағұлдов Мейірман мен анамыз Рысмаханова Флора 80 жасқа толып отыр. Адам өмірінің осы бір биік белесіне жету үшін екеуі бір шаңырақ астында бір тілекпен тірлік еткен 57 жыл уақыт өтті.

Асқар тауымыз бен ақ бұлағымыздың бауырында біз, перзенттері өсіп-жетілдік. Олар біздің бақытты тұрмыс кешуіміз үшін қаншама қиындықтарды бастан өткерді. Сондықтан біз аулы жандардың сұтақысына мәңгі қарыздармыз.

Мерейтойларыңыз құтты болсын, гауһар тойларыңыз балаларыңызға жұғасты болсын, күрметті біздің ардақтыларымыз. Немере-шөбере қызығын көріп, Алла нәсіп еткен өмір жасына жетіңіздер. Барша ағайынның басы жүзге толған тойларыңызда жолықсын деп тілейміз.

Қуаныштың гүл шашылыс жолынан,
Нәсібің берсін Алла молынан,
Нәсіп етсін 100-ге жеткен мерейді,
Шөпшектердің су ішкізіп қолынан.

Өткерейік тіршіліктің думанын,
Көп көрейік айдың күліп туғанын.
Бәріміз де бақытты өмір сүрейік,
Сая қылып бұл өмірдің гүл бағын.

Ақ тілекпен, Мырзағұлдовтар әулеті.

Менің бапкерім

Жаздың жайма шуақ күнінде бір топ бала аулада ойнап жүрген едік. Болмашы нәрсеге көршінің ұлымен ерегісіп қалдым. Дене тұрқы да, жасы да өзімнен сәл үлкендеу болғандықтан, сөккеніп қалып, үйге қарай қаша жөнелдім. Мұның бәрін әкем сырттай бақылап, көріп отыр екен.



Сол сәттен бастап әкем мені бокс секциясына жаттығуға апарды. Жаттықтырушы Тарғын Нұралиев жылы қарсы алып, жасымның әлі кішкентайлығын, боксқа қатысуға ертеуеу екенін айтты. Ол кезде екінші сыныпқа көшкен едім. Алайда, әкем «естіяр боксшылардың ішінде жүре берсін, олардың жаттығуын көрсін, көзі үйрене берсін» деп бокс залына қалдырып кетті.

Сол күннен бастап Тарғын ағайдан бокс әліппесін үйренуді бастадым. Ойын азайды. Сабақтан келімен спорттық киімдерім салынған сөмкені иығымна асынып, жаттығуға асығамын. Бокс залындағы жаттығушылардың ең кішкентайы болғандықтан, ағалардың әр қимылы тансық. Ішімнен солардай болуды армандап, айла-тәсілдерім жаттап алуға тырысамын. Үйге келген соң бокстан хабары бар әкем үйренген айла-тәсілдерді тағы да пысықтатады. Сонан соң сабағым дайындыққа кірісемін. Бір қызығы, бокстың ауыр жаттығуы сабақ үлгеріміме кері әсерін тигізген емес. Аудандағы гимназияны жақсы деген бағаға бітіріп, грантпен жоғары оқу орнына түстім.

Үшінші сынып оқып жүргенде тұңғыш рет аудандық жарысқа қатысып, 24 келі салмақта күш сынастым. Бұл 1996 жыл болатын. Қарсыластардың бәрінен басым түсіп, жеңімпаз атандым. Бұл өмірімдегі

гі алғашқы жеңісім еді. Көп ұзамай 26 келі салмақта Қызылорда қаласында өткен облыстық жарыста бірінші орын иелендім. Осылайша жарыстарға жиі қатыса бастадым.

Мектеп бітірем дегенше бокстан қол үзбедім. Осы аралықта аудандық жарыста 9 рет, облыстық жарыста 10 мәрте чемпион атандым. Халықаралық ашық турнирде II орын иеленіп, жарыс қорытындысымен «Спорт шеберлігіне кандидат» дәрежесін орындадым.

Айтпақшы, сегізінші сыныпта жүргенде облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа оқуға шақырды. Үйдің үлкені болғандықтан, әкем жібергісі келмеді. Кейіннен бапкерім сол спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа жаттықтырушылыққа ауысты. Мұнан соң «Тарғын ағайыннан қол үзіп қалма» деп интернатқа жіберді. Ол жақтың жаттығуы, тәртібі тіпті ерекше екен. Өзімнің салмағымдағы қатарластарымның бәрінен басым түстім. Көп ұзамай Жамбыл облысы, Мерке қаласында өткен республикалық ашық турнирге қатыстым. Бұл менің республикалық деңгейдегі алғашқы жарысым болатын. Бірінші кездесуде жеңіп, екінші кездесуде қарсыласқа жол бердім. Бұл жарыстан тәжірибе жинадым.

Тарғын ағайын үйреткен айла-тәсілін, ақылын, тәрбиесін бойға сіңіруге ұмтылдым. Бапкерімнің адамды өзіне тарту білетін ерекше қасиеті бар еді. Өз кәсібін шынайы жақсы көріп, адал қызмет атқара білді.

Жақында Қазалы ауданында Тарғын Нұралиевті еске алуға арналған бокстан облыстық турнир өтті. Жарыс жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Бұл турнирді өткізуге атсалысқан ел ағаларына, шәкірттеріне, басқа да азаматтарға алғыс айтамын.

Қайырқелді ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданының мәслихаты аппаратының бас маманы.